

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
Л.Н. ТОЛСТОЙ АТЫНДАҒЫ
№ 4 МЕКТЕП - ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА- ГИМНАЗИЯ № 4
ИМЕНИ Л.Н.ТОЛСТОГО
ГОРОДА СТЕПНОГОРСК
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО ГОРОДУ СТЕПНОГОРСК
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

28 тамыз 2025 жыл
Степногорск қаласы

ПРИКАЗ

№64
город Степногорск

**Білім алушылардың ата-аналарынан (занды өкілдерінен)
ақша жинауға тыйым салу туралы**

ҚР Еңбек кодексінің 126-бабының, "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының, "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағының негізінде, сондай-ақ ашықтықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу және білім беру жүйесіне деген сенімді арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемесінің педагог қызметкерлеріне және өзге де қызметкерлеріне білім алушылардың ата-аналарынан (занды өкілдерінен) ақша қаражатын жинауды ұйымдастыруға және оған қатысуға тыйым салынсын:

- педагог қызметкерлерге сыйлықтар, гүлдер, кәдесыйлар сатып алуға;
- мерекелік іс-шараларды, шай кештерін және басқа да бейресми іс-шараларды ұйымдастыруға (1 қыркүйек, Мұғалімдер күні, Соңғы қоңырау және т.б.).

2. Сынып жетекшілеріне:

- білім алушылардың ата-аналарымен ақша жинауға тыйым салу туралы түсіндірме әңгіме жүргізсін;
- осы бұйрықты барлық ата-аналардың (занды өкілдердің) назарына қол қою арқылы жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы



Е.Макарова